

Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы сертификатын беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 1386 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 962 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.08.25 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заң күші бар Жарлығының 29-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы сертификатын беру ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 27 желтоқсандағы

N 1386 қаулысымен

бекітілген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНІҢ ҰШУ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ СЕРТИФИКАТЫН БЕРУ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы сертификатын беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) уәкілетті органның азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкестігін куәландыратын үлгі сертификаты негізінде ұшу жарамдылығы сертификатын беру тәртібін белгілейді

2. Ұшу жарамдылығы сертификаты азаматтық әуе кемесінің міндетті құжаты болып табылады. Ұшу жарамдылығының қолданыстағы сертификатынсыз тек әуе кемелерін жасаушы зауыттан, авиажөндеу кәсіпорнынан немесе басқа ұйымдардан алған кезде әуе кемесінің бортында қабылдау-өткізу актісі және ұшуға тапсырма болғанда оны тұрақты орналасатын жеріне дейін айдап апаруға ғана рұқсат етіледі.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) уәкілетті орган - өзінің құзыреті шегінде азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік саясатты, азаматтық және эксперименттік авиацияның қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, үйлестіру мен реттеуді және әуе кеңістігін пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы;

2) ұшу жарамдылығы сертификаты - азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкестігін куәландыратын үлгі сертификаты негізінде уәкілетті орган берген құжат;

3) үлгі сертификаты - уәкілетті орган берген, әуе кемесі, авиация кемесі, авиациялық қозғалтқыш үлгісінің және жаңа үлгілердегі әуе винтінің ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкестігін растайтын құжат;

4) әуе кемесінің, қозғалтқыштар мен негізгі агрегаттардың формуляры - авиациялық техниканың пайдаланымын (күнтізбелік, сағаттық және қонулар бойынша) және оның техникалық жай-күйін есепке алуға арналған негізгі құжаттар.

2. Ұшу жарамдылығы сертификатын беру тәртібі мен шарттары

4. Ұшу жарамдылығы сертификатын осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті орган береді. Ұшу жарамдылығы сертификатын алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға осы Ереженің 2-қосымшасында белгіленген нысанға сәйкес өтініш және мынадай құжаттар ұсынады:

1) үлгі сертификатының көшірмесі;

2) азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

3) уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын анықтау актісі;

4) егер әуе кемесі жалданатын болса, жалға алу туралы шарттың немесе сатып алу-сату шартының көшірмесі;

5) қабылдау-өткізу актісінің көшірмесі;

6) ұшуға жарамдылығы туралы экспорттық куәліктің көшірмесі (егер әуе кемесі Қазақстан Республикасына импортталса);

7) техникалық қызмет көрсету және авиация техникасын жөндеу жөніндегі қызметтерге сертификаты бар ұйымдар берген, әуе кемесінің ресурсын

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.12. N 1193 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Әуе кемесінің шетелдік мемлекет берген ұшу жарамдылығы сертификаты оларға сәйкес ол берілген немесе күшіне енген талаптар Қазақстан Республикасы белгіленген стандарттарға жауап берген жағдайда Қазақстан Республикасында күшінде деп танылады.

6. Әуе кемесіне шетелдік мемлекет берген ұшу жарамдылығының Қазақстан Республикасында күшінде деп танылған сертификатына уәкілетті орган осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатын күшінде деп туралы шешім береді.

Азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығының сертификатын күшінде деп тану туралы шешім алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш, сондай-ақ мынадай құжаттарды ұсынады :

- 1) әуе кемесін тіркеу туралы куәлік;
- 2) ұшу жарамдылығы сертификаты;
- 3) пайдаланушы сертификатының көшірмесі және оның пайдалануға рұқсаты бар әуе кемелерінің үлгілері көрсетілген толықтырулары;
- 4) әуе кемесінің ұшулардың зиянды әсерінен қорғау жөніндегі талаптарға сәйкестігі сертификаты;
- 5) экспорттаушы мен импорттаушының авиациялық билік органдары арасындағы әуе кемесінің ұшу жарамдылығын сақтау рәсімдерін анықтау жөніндегі келісім;
- 6) әуе кемесін және қозғалтқыштарды жасаушылармен Ұшу және техникалық пайдалану бюллетендері бойынша басшылыққа барлық түзетулерді, әуе кемесін қауіпсіз пайдалануға қатысты ұшу жарамдылығы директиваларын уәкілетті органға міндетті түрде жіберу туралы шарттың көшірмелері;
- 7) әуе кемесін қайта жабдықтау жөніндегі құжаттардың көшірмелері (егер үлгі қайта жабдыкталса).

7. Өтініш беруші ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауапкершілік алады .

Өтініш беруші құжаттарды толық көлемде ұсынбаған жағдайда уәкілетті орган оларды 7 жұмыс күнінің ішінде өтініш берушіге қайтарады. Бұл ретте, өтініш беруші уәкілетті органға қайтадан өтініш беруге құқылы.

Уәкілетті орган осы Ережеге сәйкес өтініш беруші ұсынған барлық құжаттарды алған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей, ұшу жарамдылығы сертификатын беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

8. Ұшу жарамдылығы сертификатын абайсызда бүлдіріп алған, жоғалтқан, ұрлатқан жағдайда әуе кемесін пайдалану дереу тоқтатылуы тиіс. Ұшу жарамдылығы сертификатының көшірме нұсқасын алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш және өтініш беруші жүргізген қызметтік тексеру материалдарын ұсынады.

9. Уәкілетті органға қарауға берілетін құжаттардың көшірмелері нотариалды расталған болуы тиіс.

3. Әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатының талаптарына сәйкестігін бақылау (тексеру)

10. Әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатының талаптарына сәйкестігін бақылауды (тексеруді) жүзеге асыру кезінде уәкілетті органның өкілі:

әуе кемесінің техникалық жай-күйін;
әуе кемесінің ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігін;
әуе кемесінің, қозғалтқыштар мен негізгі агрегаттардың формулярын;
әуе кемесіне бюллетендердің және түзетулердің орындалуын;
регламенттік жұмыстардың, әуе кемесін жөндеудің немесе ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да жұмыстардың орындалуын;
әуе кемесінің және оның агрегаттарының ресурстары мен қызмет ету мерзімдерін тексереді.

Әуе кемелерін бақылауды (тексеруді) уәкілетті орган жылына кемінде екі рет, көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы навигациялар кезінде жүзеге асырады.

Әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатының талаптарына сәйкестігін бақылау пайдаланушының инженерлік-техникалық персоналының тікелей қатысуымен жүзеге асырылады.

11. Әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігі сертификатының талаптарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда ұшу жарамдылығы сертификаты заңнамада белгіленген тәртіппен қайтарылып алынуы немесе ұшу жарамдылығы сертификатын берген мемлекеттік орган оның күшін уақытша тоқтата тұруы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 1386 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтық

әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы

сертификатын беру ережесіне
1-қосымша

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛК ЖӘНЕ
КОММУНИКАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІ
АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ КОМИТЕТІ ҰШУ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ
СЕРТИФИКАТЫ
N 0000**

1. Әуе кемесінің түрі|2. Ұлттық және тіркеу|3. Сериялық (зауыттық)
мен қолданылуы | белгілері | нөмірі
| UN-0000- | 000000

4. _____ Ұшу жарамдылығы сертификаты (аттестаты)

5. Әуе кемесі Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тіркеліміне _____ N _____ болып енгізілді.

6. Әуе кемесіне Солтүстік Атлантика тректерінің ұйымдасқан жүйесінде (OTS) _
_____ бастап ұшуға рұқсат етілді.

7. Әуе кемесі ұшуға ИКАО-ның _____ санаты бойынша жіберілді.

8. Осы сертификат жоғарыда аталған әуе кемесіне Қазақстан Республикасы Президентінің "Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 20.12.1995 ж. заң күші бар Жарлығына және 07.12.1944 ж. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес берілді. Осы әуе кемесі аталған құжаттарға және белгіленген пайдалану шектеулеріне сәйкес ұсталса және пайдаланылса, ұшуға жарамды деп есептеледі.

9. Сертификаттың қолданылу мерзімі _____ дейін

А з а м а т т ы қ а в и а ц и я

комитетінің төрағасы _____

M.O.

(Қолы, аты-жөні)

Берілген күні _____

Радиостанцияны мынадай шақыру сигналдарымен пайдалануға рұқсат етіледі:

телеграфпен _____ телефонмен _____
Конструкцияның салмағы (масса - кг) _____
Орталықтау % ОАХ _____ М.О.
Азаматтық авиация
комитетінің төрағасы _____

Берілген күні _____

Сертификаттың қолданылу мерзімі _____ дейін ұзартылды
Негіздеме _____

Азаматтық авиация
комитетінің төрағасы _____ М.О.
(Қолы, аты-жөні)
Берілген күні _____

Сертификаттың қолданылу мерзімі _____ дейін ұзартылды
Негіздеме _____

Азаматтық авиация
комитетінің төрағасы _____ М.О.
(Қолы, аты-жөні)
Берілген күні _____

Сертификаттың қолданылу мерзімі _____ дейін ұзартылды
Негіздеме _____

Азаматтық авиация
комитетінің төрағасы _____ М.О.
(Қолы, аты-жөні)

Берілген күні _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1386 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының азаматтық
әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы
сертификатын беру ережесіне
2-қосымша

ӨТІНІШ

_____ тиесілі _____ әуе кемесіне

(әуе кемесінің түрі, тану белгісі)

Ұшу жарамдылығы сертификатын беруіңізді сұраймын.

Әуе кемесі тізілімге ___ ж. "___" _____ N ___ болып енгізілді.

Әуе кемесі туралы деректер:

1. Әуе кемесінің түрі _____ қолданылуы _____
2. Ұлттық және тіркеу белгілері _____
3. Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі _____
4. Әуе кемесінің жасалған күні _____
5. Үлгі сертификаты немесе балама құжат және оның нөмірі _____
6. Әуе кемесіне ИКАО-ның _____ санаты бойынша ұшуға рұқсат етілді.
7. Соңғы жөндеу жүргізілген күні және орны _____
8. Әуе кемесінің ұшуы
- пайдалану басталғаннан бері: _____ сағ. _____ қонуы _____ жыл
- соңғы жөндеуден кейін: _____ сағ. _____ қонуы _____ жыл
9. Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы: ___ сағ. _____ қонуы _____ жыл
10. Массасы, кг _____ Орталықтау, % ОАХ _____
11. Пайдаланушының тех.жағдайды тексеру актісін бекіткен күні _____
12. Техникалық байқауды кім жүргізді _____
13. Әуе кемесін жетілдіруді, өзгертуді орындаған ұйым, орындаған күні _____

14. Пайдалану-техникалық деректерге енгізілген, жүргізілген жетілдірудің нәтижесі болған өзгерістер көрсетілсін (егер орын алса)

- ұшуға пайдалану жөніндегі басшылық: _____
 - техникалық пайдалану жөніндегі басшылық: _____
 - техникалық қызмет көрсету регламенті: _____
15. Пайдаланушының заңды мекен-жайы, телефоны, факсі _____

16. Сертификатты қандай мерзімге беру (ұзарту) талап етіледі: _____

М.О. _____

(лауазымы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1386 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының азаматтық
әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы
сертификатын беру ережесіне
3-қосымша

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КӨЛК ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІ
АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ КОМИТЕТІ ҰШУ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ
СЕРТИФИКАТЫН ЖАРАМДЫ ДЕП ТАНУ
ТУРАЛЫ ШЕШІМ**

_____ берілді

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес және Қазақстан Республикасының ұшу жарамдылығы нормалары талаптарының барабарлығы негізінде Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация комитеті берілген _____

_____ жарамды деп таниды.

А з а м а т т ы қ ә у е к е м е с і н і ң
N _____ Ұ ш у ж а р а м д ы л ы ғ ы с е р т и ф и к а т ы

Сериялық (зауыттың) нөмірі _____

Мемлекеттік және тіркеу тану белгісі _____

Азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификаты мен оны жарамды деп тану туралы осы қорытынды Қазақстан Республикасының аумағында 200 ж. _____ дейінгі кезеңге әуе кемесінде көліктік ұшуды орындауға құқық береді.

Қорытынды 200 ж. _____ дейін жарамды

А з а м а т т ы қ а в и а ц и я

комитетінің төрағасы _____

М.О.

(қолы)

Берілген күні _____

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 1386 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтық

әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы

сертификатын беру ережесіне

4-қосымша

ӨТІНІШ

_____ тиесілі _____
(мемлекет атауы)

_____ тізіліміне __ ж. " ____ " _____ № _____ болып
енгізілген _____ әуе кемесіне

(әуе кемесінің түрі, тану белгісі)

№ _____ Ұшу жарамдылығы сертификатын жарамды деп тану туралы шешім
беруіңізді сұраймын.

Әуе кемесі туралы деректер:

1. Үлгі сертификаты немесе балама құжат және оның нөмірі

а) әуе кемесі _____

б) қозғалтқыштар _____

в) әуе бұрандалары _____

2. Мемлекеттік және тіркеу белгілері _____

3. Әуе кемесінің түрі мен қолданылуы _____

4. Әуе кемесінің жасалған күні мен сериялық нөмірі _____

5. Соңғы жөндеу жүргізілген күн мен орын _____

6. Әуе кемесінің ұшуы

- пайдалану басталғаннан бері: _____ сағ. _____ қонуы _____ жыл

- соңғы жөндеуден кейін: _____ сағ. _____ қонуы _____ жыл

7. Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы: __ сағ. _____ қонуы _____ жыл

8. Қозғалтқыштардың түрі және саны _____

9. Әуе бұрандаларының түрі _____

10. Мыналардың: а) ұшып көтерілудің ____; б) қонудың _____ ең
жоғары массасы

11. Орындар саны: а) жолаушылар _____; б) экипаж _____

12. Жердегі шу жөніндегі куәлік _____

13. Әуе кемесінің меншік иесі және оның мекен-жайы _____

14. Әуе кемесін пайдаланушы, пайдаланушы куәлігінің нөмірі және заңды мекен-жайы _____

15. Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйымның атауы _____

(лауазымы)

М.О.

(қолы, аты-жөні)

200_ ж. " ____ "

Авиакомпанияның инженерлік-авиациялық қызметі басшысының әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы қорытындысы

(лауазымы)

М.О.

(қолы, аты-жөні)

200_ ж. " ____ "

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 1386 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтық

әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы

сертификатын беру ережесіне

5-қосымша

ӨТІНІШ

_____ тиесілі
тізілімге ____ ж. " ____ " N ____ болып енгізілген _____

_____ әуе кемесіне берілген

(әуе кемесінің түрі, тану белгісі)

N ____ әуе кемесінің Ұшу жарамдылығы сертификатына көшірме нұсқа беруіңізді с ұ р а й м ы н .

Ауыстыру (көшірме нұсқа беру себебі) _____

_____ Әуе кемесі туралы деректер:

1. Әуе кемесінің түрі _____ қолданылуы _____
2. Ұлттық және тіркеу белгілері _____
3. Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі _____
4. Әуе кемесінің жасалған күні _____
5. Үлгі сертификаты немесе балама құжат және оның нөмірі _____
6. Әуе кемесі ұшуға ИКАО-ның _____ санаты бойынша жіберілді
7. Соңғы жөндеу жүргізілген күні мен орны _____
8. Әуе кемесінің ұшуы
 - пайдалану басталғаннан бері: _____ сағ. _____ қонуы _____ жыл
 - соңғы жөндеуден кейін: _____ сағ. _____ қонуы _____ жыл
9. Жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы: _____ сағ. _____ қонуы _____ жыл
10. Массасы, кг _____ Орталықтау, % ОАХ _____
11. Пайдаланушының тех.жағдайды тексеру актісін бекіткен күн _____
12. Пайдаланушының заңды мекен-жайы, телефоны, факс _____

16. Сертификатты қандай мерзімге беру (ұзарту) талап етіледі: _____

(л а у а з ы м ы)

М.О. _____

(қолы, аты-жөні)

200_ ж. " _____ "

Авиакомпанияның инженерлік-авиациялық қызметі басшысының әуе кемесінің
ұшуға жарамдылығы туралы қорытындысы

(лауазымы)

М.О. _____

(қолы, аты-жөні)

200_ ж. " _____ "